

"Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Вьетнам Социалистік Республикасының Үкіметі арасындағы Табысқа салынатын салықтарға қатысты қосарланған салық салуды болдырмау және салық салудан жалтаруға жол бермеу туралы келісімді ратификациялау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 21 қарашадағы № 1216 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

«Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Вьетнам Социалистік Республикасының Үкіметі арасындағы Табысқа салынатын салықтарға қатысты қосарланған салық салуды болдырмау және салық салудан жалтаруға жол бермеу туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Жоба

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ЗАҢЫ Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Вьетнам Социалистік
Республикасының Үкіметі арасындағы Табысқа салынатын салықтарға
қатысты қосарланған салық салуды болдырмау және салық салудан
жалтаруға жол бермеу туралы келісімді ратификациялау туралы**

2011 жылғы 31 қазанда Ханойда жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Вьетнам Социалистік Республикасының Үкіметі арасындағы Табысқа салынатын салықтарға қатысты қосарланған салық салуды болдырмау және салық салудан жалтаруға жол бермеу туралы келісім ратификациялансын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҮКІМЕТІ МЕН ВЬЕТНАМ
СОЦИАЛИСТІК
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҮКІМЕТІ АРАСЫНДАҒЫ ТАБЫСҚА САЛЫНАТЫН
САЛЫҚТАРҒА
ҚАТЫСТЫ ҚОСАРЛАНҒАН САЛЫҚ САЛУДЫ БОЛДЫРМАУ ЖӘНЕ**

САЛЫҚ САЛУДАН ЖАЛТАРУҒА ЖОЛ БЕРМЕУ ТУРАЛЫ КЕЛІСІМ

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Вьетнам Социалистік Республикасының Үкіметі екі Уағдаласушы Мемлекет арасындағы экономикалық, ғылыми, техникалық және мәдени байланыстарды нығайтуға және дамытуға ұмтылысты басшылыққа ала отырып және Табысқа салынатын салықтарға қатысты қосарланған салық салуды болдырмау және салық салудан жалтаруға жол бермеу туралы келісім жасасуға ниет білдіре отырып, төмендегілер туралы келісті:

1-бап

КЕЛІСІМ ҚОЛДАНЫЛАТЫН ТҰЛҒАЛАР

Осы Келісім Уағдаласушы Мемлекеттердің біреуінің немесе екеуінің де резиденттері болып табылатын тұлғаларға қолданылады.

2-бап

КЕЛІСІМ ҚОЛДАНЫЛАТЫН САЛЫҚТАР

1. Осы Келісім Уағдаласушы Мемлекеттің немесе оның жергілікті билік органдарының атынан алынатын табысқа салынатын салықтарға, оларды алу әдісіне қарамастан, қолданылады.

2. Жылжымалы немесе жылжымайтын мүлікті иеліктен шығарудан алынған табыстарға салынатын салықтарды, кәсіпорындар төлейтін қызметақының немесе жалақының жалпы сомасынан алынатын салықтарды, сондай-ақ капитал құнының өсіміне салынатын салықтарды қоса алғанда, табыстың жалпы сомасынан немесе табыстың жекелеген элементтерінен алынатын салықтардың барлық түрлері табысқа салынатын салықтар болып есептеледі.

3. Осы Келісім қолданылатын қазіргі бар салықтар, атап айтқанда мыналар болып табылады:

а) Қазақстанда:

(i) корпоративтік табыс салығы; және

(ii) жеке табыс салығы;

(бұдан әрі «Қазақстан салығы» деп аталатын);

б) Вьетнамда:

(i) жеке тұлғалардан алынатын табыс салығы; және

(ii) кәсіпкерлік қызметтен алынатын табыстарға салынатын салық;

(бұдан әрі «Вьетнам салығы» деп аталатын).

4. Осы Келісімге қол қойылған күннен кейін қазіргі бар салықтарға қосымша түрде

немесе олардың орнына алынатын кез келген бірдей немесе мәні бойынша ұқсас салықтарға да осы Келісім қолданылады. Уағдаласушы Мемлекеттердің құзыретті органдары өздерінің тиісті салық заңнамаларында болатын кез келген елеулі өзгерістер туралы бірін-бірі хабардар етеді.

3-бап

ЖАЛПЫ АНЫҚТАМАЛАР

1. Егер түпмәтіннен өзгеше туындамаса, осы Келісімнің мақсаттары үшін:

а) «Қазақстан» термині Қазақстан Республикасын білдіреді. «Қазақстан» термині географиялық мағынада пайдаланылған кезде Қазақстан Республикасының мемлекеттік аумағын және Қазақстан өзінің заңнамасына және халықаралық құқыққа сәйкес өзінің егемендік құқықтары мен юрисдикциясын жүзеге асыра алатын аймақтарды қамтиды;

б) «Вьетнам» термині Вьетнам Социалистік Республикасын білдіреді; географиялық мағынада пайдаланылған кезде ол оның бүкіл мемлекеттік аумағын, аралдарын, ішкі суларын, аумақтық теңізі мен оның үстіндегі әуе кеңістігін, ұлттық заңнама мен халықаралық құқыққа сәйкес Вьетнам Социалистік Республикасы соларда егемендігін, егемендік құқықтары мен юрисдикциясын жүзеге асыратын теңіз түбі мен олардың жер қойнауын қоса алғанда, аумақтық теңіз шегінен тысқары теңіз кеңістігін білдіреді;

с) «тұлға» термині жеке тұлғаны, компанияны және тұлғалардың кез келген басқа да бірлестігін қамтиды;

д) «компания» термині кез келген корпоративтік құрылымды немесе салық салу мақсаттары үшін корпоративтік құрылым ретінде қарастырылатын кез келген экономикалық бірлікті білдіреді;

е) «Уағдаласушы Мемлекет» және «екінші Уағдаласушы Мемлекет» терминдері түпмәтінге қарай Қазақстанды немесе Вьетнамды білдіреді;

ф) «Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны» және «екінші Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны» терминдері тиісінше Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті басқаратын кәсіпорынды және екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті басқаратын кәсіпорынды білдіреді;

г) «халықаралық тасымал» термині теңіз немесе әуе кемесі тек екінші Уағдаласушы Мемлекеттегі пункттер арасында ғана пайдаланылатын жағдайлардан басқа, Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны пайдаланатын теңіз немесе әуе кемесімен жасалатын кез келген тасымалдауды білдіреді;

h) «құзыретті орган» термині:

(i) Қазақстанда: Қаржы министрлігін немесе оның уәкілетті өкілін;

(ii) Вьетнамда: Қаржы министрін немесе оның уәкілетті өкілін білдіреді;

k) «ұлттық тұлға» термині:

(i) Уағдаласушы Мемлекеттің азаматтығы бар кез келген жеке тұлғаны;

(ii) өзінің мәртебесін Уағдаласушы Мемлекеттің қолданыстағы заңнамасының негізінде алған кез келген заңды тұлғаны, серіктестікті немесе қауымдастықты білдіреді.

2. Уағдаласушы Мемлекет осы Келісімнің ережелерін кез келген уақытта қолданған кезде, егер түпмәтіннен өзгеше туындамаса, онда айқындалмаған кез келген терминнің Келісім қолданылатын салықтарға қатысты осы Уағдаласушы Мемлекеттің заңнамасы бойынша осы кезде қандай мағынасы болса, сондай мағынасы болады.

4-бап

РЕЗИДЕНТ

1. Осы Келісімнің мақсаттары үшін «Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті» термині осы Уағдаласушы Мемлекеттің заңнамасы бойынша оның тұрғылықты жері, резиденттігі, басқару орны, құрылған орны, тіркелген жері немесе осыған ұқсас сипаттағы кез келген басқа критерий негізінде онда салық салынуға жататын кез келген тұлғаны білдіреді. Термин Уағдаласушы Мемлекетті немесе жергілікті билік органдарын да қамтиды.

2. Егер 1-тармақтың ережелеріне сәйкес жеке тұлға Уағдаласушы Мемлекеттердің екеуінің де резиденті болып табылса, онда оның мәртебесі былайша айқындалады:

a) ол өз иелігінде тұрақты тұрғын жайы бар Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып есептеледі; егер Уағдаласушы Мемлекеттердің екеуінде де оның иелігінде тұрақты тұрғын жайы болса, ол неғұрлым тығыз жеке және экономикалық қатынастары (өмірлік мүдделер орталығы) бар Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып есептеледі;

b) егер оның өмірлік мүдделер орталығы бар Уағдаласушы Мемлекетті айқындау мүмкін болмаса немесе егер оның Уағдаласушы Мемлекеттердің ешқайсысында да өз иелігінде тұрақты тұрғын жайы болмаса, әдетте өзі тұрып жатқан Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып есептеледі;

c) егер ол әдетте Уағдаласушы Мемлекеттердің екеуінде де тұратын болса немесе олардың біреуінде де тұрмаса, ол өзі азаматы болып табылатын Уағдаласушы Мемлекеттің ғана резиденті болып есептеледі;

d) егер резиденттің мәртебесін осы тармақтың алдыңғы a) - c) тармақшаларына сәйкес айқындау мүмкін болмаса, Уағдаласушы Мемлекеттердің құзыретті органдары осы мәселені өзара келісу бойынша шешеді.

3. Егер 1-тармақтың ережелеріне сәйкес жеке тұлғадан өзге тұлға Уағдаласушы Мемлекеттердің екеуінің де резиденті болып табылса, ол өзінің тиімді басқару орны орналасқан Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып есептеледі.

5-бап

ТҰРАҚТЫ МЕКЕМЕ

1. Осы Келісімнің мақсаттары үшін «тұрақты мекеме» термині кәсіпорынның кәсіпкерлік қызметі толық немесе ішінара жүзеге асырылатын тұрақты қызмет орнын білдіреді.

2. «Тұрақты мекеме» термині, атап айтқанда:

- a) басқару орнын;
- b) бөлімшені;
- c) кеңсені;
- d) фабриканы;
- e) шеберхананы;
- f) шахтаны, мұнай немесе газ ұңғымасын, карьерді немесе табиғи ресурстар өндірілетін басқа да кез келген орынды;
- g) тауар қоймасын немесе өткізу орны ретінде пайдаланылатын үй-жайды;
- h) табиғи ресурстарды барлау үшін пайдаланылатын қондырғыны немесе құрылысты немесе оларға байланысты көрсетілетін байқаушылық қызметтерді немесе табиғи ресурстарды барлау үшін пайдаланылатын бұрғылық қондырғыны немесе кемені қамтиды.

3. «Тұрақты мекеме» термині, сондай-ақ:

- a) құрылыс алаңын немесе құрылыс, монтаждау немесе құрастыру жобасын немесе егер мұндай алаң, жоба немесе көрсетілетін қызметтер алты айдан астам уақытқа жалғасатын болса ғана оларға байланысты көрсетілетін байқаушылық қызметтерді;
- b) егер елдің шегіндегі осындай сипаттағы қызмет (осындай немесе онымен байланысты жоба үшін) кез келген 12 айлық кезеңде жалпы жиынтығы алты айдан асатын кезеңге немесе кезеңдерге созылатын болса ғана, кәсіпорынның қызметшілер арқылы немесе кәсіпорын осы мақсаттар үшін жалдаған басқа персонал арқылы консультациялық қызметтерді қоса алғанда, қызметтер көрсетуін қамтиды.

4. Осы Баптың алдыңғы ережелеріне қарамастан, «тұрақты мекеме» термині:

- a) құрылыстарды тек кәсіпорынға тиесілі тауарларды немесе бұйымдарды сақтау, көрсету немесе беру мақсаттары үшін ғана пайдалануды;
- b) кәсіпорынға тиесілі тауарлар немесе бұйымдар қорын тек сақтау, көрсету немесе беру мақсаттары үшін ғана ұстауды;
- c) кәсіпорынға тиесілі тауарлар немесе бұйымдар қорын тек басқа кәсіпорынның қайта өңдеуі мақсаттары үшін ғана ұстауды;
- d) тұрақты қызмет орнын тек тауарлар немесе бұйымдар сатып алу мақсаттары үшін немесе кәсіпорынға арналған ақпарат жинау үшін ғана ұстауды;
- e) тұрақты қызмет орнын тек кәсіпорынның дайындық немесе көмекші сипаттағы кез келген басқа қызметті жүзеге асыруы мақсаттары үшін ғана ұстауды қамтушы

р е т і н д е

қ а р а л м а й д ы .

5. 1 және 2-тармақтардың ережелеріне қарамастан, егер өзіне 7-тармақ қолданылатын, тәуелсіз мәртебесі бар агенттен өзге тұлға Уағдаласушы Мемлекетте екінші Уағдаласушы Мемлекет кәсіпорнының атынан әрекет етсе, егер мұндай тұлға:

а) осы Уағдаласушы Мемлекетте кәсіпорынның атынан келісімшарттар жасасу өкілеттігіне ие болса және оны әдетте пайдаланса, егер мұндай тұлғаның қызметі 4-тармақта аталған қызмет түрлерімен ғана шектелмесе, егер оларды тұрақты қызмет орны арқылы жүзеге асырса да, бұл тұрақты қызмет орнын осы тармақтың ережелеріне сәйкес тұрақты мекемеге айналдырмаса; немесе

б) мұндай өкілеттіктерге ие болмаса, бірақ әдетте бірінші аталған Уағдаласушы Мемлекетте тауарлардың немесе бұйымдардың қорын ұстап, одан кәсіпорынның атынан тауарлар мен бұйымдарды тұрақты түрде беріп отыратын болса, онда бұл кәсіпорын осы тұлғаның кәсіпорын үшін қолданатын кез келген қызметіне қатысты бірінші аталған Уағдаласушы Мемлекетте тұрақты мекемесі бар кәсіпорын ретінде қ а р а л а д ы .

6. Осы Баптың алдыңғы ережелеріне қарамастан, қайта сақтандыру жөніндегі ұйымды қоспағанда, Уағдаласушы Мемлекеттің сақтандыру ұйымы, егер ол екінші Уағдаласушы Мемлекеттің аумағында бола отырып, оған 7-тармақтың ережелері қолданылатын, тәуелсіз мәртебесі бар агенттен өзге тұлға арқылы жарна жинаумен айналысса немесе тәуекелдерді сақтандырса, оның екінші Уағдаласушы Мемлекетте тұрақты мекемесі бар деп есептеледі.

7. Кәсіпорын кәсіпкерлік қызметін осы Уағдаласушы Мемлекетте делдал, комиссионер немесе тәуелсіз мәртебесі бар кез келген басқа агент арқылы жүзеге асырғаны үшін ғана, осындай тұлғалар өздерінің әдеттегі қызметі шеңберінде әрекет жасаған жағдайда, Уағдаласушы Мемлекетте тұрақты мекемесі бар ретінде қаралмайды . Алайда, егер мұндай агенттің қызметі толығымен немесе көбінесе осы кәсіпорынға арналса, онда ол осы тармақтың мақсаты үшін тәуелсіз мәртебесі бар агент болып е с е п т е л м е й д і .

8. Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын компанияны екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын немесе осы екінші Уағдаласушы Мемлекетте кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын (не тұрақты мекеме арқылы не басқадай жолмен) компанияның бақылауы немесе оның бақылауында болуы фактісінің өзі осы компаниялардың бірін екіншісінің тұрақты мекемесіне айналдырмайды.

6-бап

ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛКТЕН АЛЫНАТЫН ТАБЫС

1. Уағдаласушы Мемлекет резидентінің екінші Уағдаласушы Мемлекетте орналасқан жылжымайтын мүліктен алған табысына (ауыл немесе орман шаруашылықтарынан алынатын табысты қоса алғанда) осы екінші Уағдаласушы Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. «Жылжымайтын мүлік» терминінің қаралып отырған мүлік орналасқан Уағдаласушы Мемлекеттің заңнамасы бойынша қандай мағынасы болса, сондай мағынасы болады. Термин кез келген жағдайда жылжымайтын мүлікке қатыстылығы бойынша қосалқы мүлікті, ауыл және орман шаруашылықтарында пайдаланылатын мал мен жабдықты, жер меншігіне қатысты жалпы құқық ережелері қолданылатын құқықтарды, жылжымайтын мүлік узуфруктын және минералдық ресурстарды, көздерді және басқа да табиғи ресурстарды игеруге немесе игеру құқығына өтемақы ретіндегі өзгермелі немесе тіркелген төлемдерге арналған құқықтарды қамтиды. Теңіз және әуе кемелері жылжымайтын мүлік ретінде қаралмайды.

3. 1-тармақтың ережелері жылжымайтын мүлікті тікелей пайдаланудан, жалға беруден немесе кез келген басқа нысанда пайдаланудан алынған табысқа қолданылады.

4. 1 және 3-тармақтардың ережелері кәсіпорынның жылжымайтын мүліктен алынатын табысқа да және тәуелсіз жеке қызметтерді көрсету үшін пайдаланылатын жылжымайтын мүліктен алынатын табысқа да қолданылады.

7-бап

КӘСІПкерлік қызметтен алынатын пайда

1. Егер Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны екінші Уағдаласушы Мемлекетте кәсіпкерлік қызметті сонда орналасқан тұрақты мекеме арқылы жүзеге асырмаса, кәсіпорынның пайдасына осы Уағдаласушы Мемлекетте ғана салық салынады. Егер кәсіпорын кәсіпкерлік қызметті жоғарыда айтылғандай жүзеге асырса, онда екінші Уағдаласушы Мемлекетте кәсіпорынның пайдасына мыналарға:

а) осындай тұрақты мекемеге;

б) осы екінші Уағдаласушы Мемлекетте тұрақты мекеме арқылы сатылатын тауарларға немесе бұйымдарға сәйкес келетін немесе соларға ұқсас тауарларды немесе бұйымдарды сатуға; немесе

с) осы екінші Уағдаласушы Мемлекетте жүзеге асырылатын, өзінің сипатына қарай осындай тұрақты мекеме арқылы жүзеге асырылатын кәсіпкерлік қызметке сәйкес келетін немесе соған ұқсас басқа кәсіпкерлік қызметке қатысты бөлігінде ғана салық салынуы мүмкін.

2. 3-тармақтың ережелерін ескере отырып, егер Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны екінші Уағдаласушы Мемлекетте кәсіпкерлік қызметті сонда орналасқан тұрақты мекеме арқылы жүзеге асырса, онда әрбір Уағдаласушы Мемлекетте осы тұрақты мекеме алуы мүмкін пайда, егер ол осындай немесе ұқсас жағдайларда

осындай немесе ұқсас қызметпен айналысатын оқшауланған және жеке кәсіпорын болып, өзі тұрақты мекемесі болып табылатын кәсіпорыннан толық тәуелсіз әрекет жасағанда, осы тұрақты мекемеге жатқызылады.

3. Тұрақты мекеменің пайдасын анықтау кезінде басқару және жалпы әкімшілік шығыстарды қоса алғанда, олардың тұрақты мекеме орналасқан Мемлекетте немесе басқа жерде жұмсалғанына қарамастан, тұрақты мекеменің мақсаттары үшін жұмсалған шығыстарды шегеруге жол беріледі. Алайда, егер сомаларды (нақты шығыстарды өтеуден өзге) тұрақты мекеме кәсіпорынның бас офисіне немесе оның басқа офистерінің кез келгеніне роялти, гонорарлар немесе патенттерді немесе басқа құқықтарды пайдаланғаны үшін өтем ретінде осыған ұқсас басқа төлемдер төлеу жолымен немесе арнайы көрсетілген қызметтер үшін немесе менеджмент үшін комиссиялық төлем жолымен немесе (банк мекемелерін қоспағанда) тұрақты мекемеге берілген сомаға пайыздар төлеу жолымен төлесе, осындай сомаларға қатысты мұндай шегерімге жол берілмейді. Сондай-ақ тұрақты мекеменің пайдасын анықтау кезінде тұрақты мекеме кәсіпорынның бас офисіне немесе оның басқа офистерінің кез келгеніне роялти, гонорарлар немесе патенттерді немесе басқа құқықтарды пайдаланғаны үшін өтем ретінде осыған ұқсас басқа төлемдер төлеу жолымен немесе арнайы көрсетілген қызметтер үшін немесе менеджмент үшін комиссиялық төлем жолымен немесе (банк мекемелерін қоспағанда), кәсіпорынның бас офисіне немесе оның басқа офистерінің кез келгеніне берілген сомаға пайыздар төлеу жолымен есептелген сомалар да (нақты шығыстарды өтеуден өзге) есепке алынбайды.

4. Осы Уағдаласушы Мемлекеттің құзыретті органында бар ақпарат тұрақты мекемеге жатқызылатын пайданы анықтау үшін жеткіліксіз болған жағдайларда, заңның құзыретті органда бар ақпарат мүмкіндік беретіндей шамада осы Баптың қағидаттарына сәйкес қолданылу шартымен, тұлғаның салықтық міндеттемесін анықтауға қатысты Уағдаласушы Мемлекеттің кез келген заңнамасын қолдануға осы Бапта ештеңе де әсер етпейді.

5. Уағдаласушы Мемлекетте тұрақты мекемеге қатысты пайданы кәсіпорын пайдасының жалпы сомасын оның әртүрлі бөлімшелері арасында пропорционалды түрде бөлу негізінде айқындаудың қалыптасқан ретіне қарай, осындай Уағдаласушы Мемлекетке осылай бөлу арқылы салық салынатын пайданы анықтауға 2-тармақта ештеңе де кедергі келтірмейді; алайда, пропорционалды түрде бөлудің таңдап алынған әдісі осы Бапта қамтылған тиісті қағидаттарға сәйкес нәтижелер беруге тиіс.

6. Егер пайда осы Келісімнің басқа Баптарында жеке айтылатын табыстардың түрлерін қамтыса, онда осы Баптың ережелері бұл Баптардың ережелерін қозғамайды.

7. Тұрақты мекемеге жатқызылатын пайда, егер мұндай тәртіпті өзгерту үшін жеткілікті және маңызды себептер болмаса, алдыңғы тармақтардың мақсаттары үшін жыл сайын біркелкі тәсілмен айқындалып отырады.

8-бап

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТАСЫМАЛДАУДАН АЛЫНАТЫН ТАБЫСТАР

1. Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны теңіз немесе әуе кемелерін халықаралық тасымалдауда пайдаланудан алған пайдаға осы Уағдаласушы Мемлекетте ғана салық салынады.

2. 1-тармақтың ережелері пулға, бірлескен кәсіпорынға немесе көлік құралдарын пайдалану жөніндегі халықаралық ұйымға қатысудан алынатын пайдаға да қолданылады.

9-бап

ҚАУЫМДАСҚАН КӘСПОРЫНДАР

1. Егер :

а) Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны екінші Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорнын басқаруға, бақылауға немесе оның капиталына тікелей немесе жанама түрде қатысса, немесе

б) белгілі бір тұлғалар Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорнын және екінші Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорнын басқаруға, бақылауға немесе олардың капиталына тікелей немесе жанама түрде қатысса,

және кез келген жағдайда екі кәсіпорынның арасында олардың коммерциялық немесе қаржылық өзара қатынастарында тәуелсіз екі кәсіпорынның арасында орын алуы мүмкін жағдайлардан өзгеше жағдайлар жасалса немесе орнықса, онда кәсіпорындардың бірінің есебіне жазылуы мүмкін, бірақ осы жағдайлардың болуы салдарынан оның есебіне жазылмаған кез келген пайда осы кәсіпорынның пайдасына қосылуы және оған тиісінше салық салынуы мүмкін.

2. Егер Уағдаласушы Мемлекет осы Уағдаласушы Мемлекет кәсіпорнының пайдасына екінші Уағдаласушы Мемлекет кәсіпорнының осы екінші Уағдаласушы Мемлекетте салық салынатын пайдасын қосса және оған тиісінше салық салса және осылайша қосылған пайда бірінші аталған Уағдаласушы Мемлекет кәсіпорнының есебіне жазылатындай пайда болып табылса, егер екі кәсіпорынның арасындағы өзара қатынастар тәуелсіз кәсіпорындардың арасындағыдай болса, онда осы екінші Уағдаласушы Мемлекет осы пайдадан алынатын салық сомасына тиісті түзету жасайды. Мұндай түзетуді айқындау кезінде осы Келісімнің басқа да ережелері ескерілуге тиіс және Уағдаласушы Мемлекеттердің құзыретті органдары қажет болған кезде бір-бірімен консультация жүргізіп отыруға тиіс.

10-бап

ДИВИДЕНДТЕР

1. Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын компанияның екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне төлейтін дивидендтеріне осы екінші Уағдаласушы Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. Алайда, мұндай дивидендтерге, сондай-ақ дивидендтер төлейтін компания резиденті болып табылатын Уағдаласушы Мемлекетте және осы Уағдаласушы Мемлекеттің заңнамасына сәйкес салық салынуы мүмкін, бірақ, егер алушы дивидендтердің нақты иесі және екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылса, онда осылайша алынатын салық:

(а) егер нақты иесі дивидендтерді төлейтін компанияның дауыс беретін акцияларының кемінде 70 пайызына тікелей иелік ететін компания болып табылса, дивидендтердің жалпы сомасының 5 пайызынан;

(b) қалған барлық жағдайларда дивидендтердің жалпы сомасының 15 пайызынан аспайды.

Осы тармақ дивидендтер төленетін пайдаға қатысты компанияға салық салуды қозғайды.

3. «Дивидендтер» термині осы Бапта пайдаланылған кезде акциялардан немесе борыштық талаптар болып табылмайтын басқа да құқықтардан алынатын табысты, пайдаға қатысудан алынатын табысты, сондай-ақ пайданы бөлуші компания резиденті болып табылатын Уағдаласушы Мемлекеттің заңнамасына сәйкес акциялардан алынатын табыс сияқты дәл сондай салықтық реттелуге жататын басқа да корпоративтік құқықтардан алынатын табысты білдіреді.

4. Егер Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын дивидендтердің нақты иесі дивидендтерді төлейтін компания резиденті болып табылатын екінші Уағдаласушы Мемлекетте кәсіпкерлік қызметті сонда орналасқан тұрақты мекеме арқылы жүзеге асырса немесе осы екінші Уағдаласушы Мемлекетте тәуелсіз жеке қызметтерді сонда орналасқан тұрақты база арқылы көрсетсе және өзіне қатысты дивидендтер төленетін холдинг шын мәнінде осындай тұрақты мекемемен немесе тұрақты базамен байланысты болса, 1 және 2-тармақтың ережелері қолданылмайды. Мұндай жағдайда мән-жайларға қарай осы Келісімнің 7 немесе 15-баптарының ережелері қолданылады.

5. Егер Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын компания екінші Уағдаласушы Мемлекеттен пайда немесе табыс алып тұрса, осы екінші Уағдаласушы Мемлекет осындай дивидендтер осы екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне төленетін немесе өзіне қатысты дивидендтер төленетін холдинг осы екінші Уағдаласушы Мемлекетте орналасқан тұрақты мекемемен немесе тұрақты базамен шын мәнінде байланысты болатын жағдайларды қоспағанда, осы компания төлейтін дивидендтерден кез келген салықты ала алмайды және компанияның бөлінбеген пайдасынан, егер тіпті төленетін дивидендтер немесе бөлінбеген пайда осы екінші Уағдаласушы Мемлекетте пайда болатын табыстан толығымен немесе ішінара құралса

да, бөлінбейтін пайда салығы алынбайды.

6. Осы Келісімде ештеңе де Уағдаласушы Мемлекетке осы Уағдаласушы Мемлекеттегі тұрақты мекемеге жататын компанияның пайдасынан осы Уағдаласушы Мемлекеттің ұлттық тұлғасы болып табылатын компанияның таза пайдасына есептелетін салыққа қосымша арнайы салық алуға, осылайша есептелген кез келген қосымша салық алдыңғы салық жылдары осындай қосымша салық салуға ұшырамаған осындай таза табыс сомасының 5 пайызынан аспаған жағдайда, кедергі ретінде түсіндіріле алмайды. Осы ереженің мақсаттары үшін таза пайда одан осы тармақта аталған, тұрақты мекеме орналасқан Уағдаласушы Мемлекетте алынатын, қосымша салықтан өзге барлық салықтарды шегеріп тастағаннан кейін анықталады.

11-бап

ПАЙЫЗДАР

1. Уағдаласушы Мемлекетте пайда болатын және екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне төленетін пайыздарға осы екінші Уағдаласушы Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. Алайда мұндай пайыздарға олар пайда болатын Уағдаласушы Мемлекетте де және осы Уағдаласушы Мемлекеттің заңнамасына сәйкес салық салынуы мүмкін, бірақ, егер пайыздардың нақты иесі екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылса, онда осылайша алынатын салық пайыздардың жалпы сомасының 10 пайызынан аспауға тиіс.

3. 2-тармақтың ережелеріне қарамастан:

а) Қазақстанда пайда болатын пайыздарға, егер пайыздар:

(i) Вьетнам Үкіметіне немесе оның жергілікті билік органдарына; немесе

(ii) Вьетнамның Мемлекеттік Банкіне немесе кез келген басқа мемлекеттік банкке;

немесе

(iii) Уағдаласушы Мемлекеттердің құзыретті органдарының арасындағы келісім бойынша Вьетнам Үкіметіне толық тиесілі кез келген басқа институттарға төленсе, тек Вьетнамда ғана салық салынады.

б) Вьетнамда пайда болатын пайыздарға, егер пайыздар:

(i) Қазақстан Республикасының Үкіметіне немесе оның жергілікті билік органдарына;

(ii) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне немесе кез келген басқа мемлекеттік банкке; немесе

(iii) Уағдаласушы Мемлекеттердің құзыретті органдарының арасындағы келісім бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметіне толық тиесілі кез келген басқа институттарға төленсе, тек Қазақстанда ғана салық салынады.

4. «Пайыздар» термині осы Бапта пайдаланылған кезде кепілмен қамтамасыз

етілген немесе қамтамасыз етілмеген және борышкерлердің пайдасына қатысу құқығын беретін немесе бермейтін кез келген түрдегі борыштық талаптардан алынатын табысты және атап айтқанда, үкіметтік/мемлекеттік бағалы қағаздардан алынатын табысты және осы бағалы қағаздар, облигациялар немесе борыштық міндеттемелер бойынша төленетін сыйақылар мен ұтыстарды қоса алғанда, облигациялардан немесе борыштық міндеттемелерден алынатын табысты білдіреді. Уақтылы төленбеген төлемдер үшін айыппұлдар осы Баптың мақсаттары үшін пайыздар ретінде қарастырылмайды.

5. Егер Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын пайыздардың нақты иесі пайыздар пайда болатын екінші Уағдаласушы Мемлекетте кәсіпкерлік қызметті сонда орналасқан тұрақты мекеме арқылы жүзеге асырса немесе осы екінші Уағдаласушы Мемлекетте тәуелсіз жеке қызметтерді сонда орналасқан тұрақты базасынан көрсетсе және өзіне қатысты пайыздар төленетін борыштық талап шын мәнінде осындай тұрақты мекемеге немесе тұрақты базаға немесе тауарларды немесе бұйымдарды сатуға немесе осы Келісімнің 7-бабы 1-тармағының а)-дан с)-ға дейінгі тармақшаларында аталған кәсіпкерлік қызметке қатысты болса, 1, 2 және 3-тармақтардың ережелері қолданылмайды. Мұндай жағдайда, мән-жайларға қарай, осы Келісімнің 7 немесе 15-баптарының ережелері қолданылады.

6. Егер төлеуші Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылса, пайыздар осы Уағдаласушы Мемлекетте пайда болады деп есептеледі. Алайда, егер пайыздарды төлеуші тұлғаның Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатынына не табылмайтынына қарамастан, Уағдаласушы Мемлекетте өздеріне байланысты пайыздар төленетін міндеттеме пайда болған тұрақты мекемесі немесе тұрақты базасы болса және осындай пайыздар бойынша шығыстарды осындай тұрақты мекеме немесе тұрақты база көтеретін болса, онда мұндай пайыздар осындай тұрақты мекеме немесе тұрақты база орналасқан Уағдаласушы Мемлекетте пайда болады деп есептеледі.

7. Егер төлеуші мен пайыздың нақты иесі арасындағы немесе олардың екеуі мен қандай да бір басқа тұлғаның арасындағы ерекше қатынастардың салдарынан борыштық талапқа қатысты әрі оның негізінде төленетін пайыздардың сомасы төлеуші мен пайыздардың нақты иесі арасында осындай қатынастар болмаған кезде келісуге болатындай сомадан асып кетсе, онда осы Баптың ережелері соңғы айтылған сомаға ғана қолданылады. Мұндай жағдайда төлемнің басы артық бөлігіне осы Келісімнің басқа ережелерін ескере отырып, әрбір Уағдаласушы Мемлекеттің заңнамасына сәйкес салық салынуға тиіс.

12-бап

РОЯЛТИ

1. Уағдаласушы Мемлекетте пайда болатын және екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне төленетін роялтиге осы екінші Уағдаласушы Мемлекетте салық салынуы

м ү м к і н .

2. Алайда, мұндай роялтиге, ол пайда болатын Уағдаласушы Мемлекетте де және осы Уағдаласушы Мемлекеттің заңнамасына сәйкес салық салынуы мүмкін, бірақ, егер алушы роялтидің нақты иесі және екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылса, онда осылайша алынатын салық роялтидің жалпы сомасының 10 пайызынан аспайды.

3. «Роялти» термині осы Бапта пайдаланылған кезде радио немесе телехабарлар үшін пайдаланылатын бағдарламалық қамтамасыз етілімді, кинематографиялық фильмдерді немесе таспаларды немесе жазбаларды қоса алғанда, әдебиет, өнер немесе ғылым туындыларына кез келген патентке, сауда таңбасына, дизайнға немесе модельге, жоспарға, құпия формулаға немесе процеске кез келген авторлық құқықты пайдаланғаны немесе пайдалануға бергені үшін немесе өнеркәсіптік, коммерциялық немесе ғылыми тәжірибеге қатысты ақпараттар үшін немесе өнеркәсіптік, коммерциялық немесе ғылыми жабдықтарды пайдаланғаны үшін немесе пайдалану құқығын бергені үшін және төлемдер сыйақы ретінде алынған төлемдердің кез келген түрін білдіреді.

4. Егер Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын роялтидің нақты иесі роялти пайда болған екінші Уағдаласушы Мемлекетте кәсіпкерлік қызметті сонда орналасқан тұрақты мекеме арқылы жүзеге асырса немесе осы екінші Уағдаласушы Мемлекетте тәуелсіз жеке қызметтерді сонда орналасқан тұрақты базасынан көрсетсе және өздеріне қатысты роялти төленетін құқық немесе мүлік шын мәнінде осындай тұрақты мекемемен немесе тұрақты базамен немесе тауарларды немесе бұйымдарды сатумен немесе осы Келісімнің 7-бабы 1-тармағының а)-дан с)-ға дейінгі 1-тармақшаларында аталған кәсіпкерлік қызметпен байланысты болса, 1 және 2-тармақтардың ережелері қолданылмайды. Мұндай жағдайда, мән-жайларға қарай, 7 немесе 15-баптардың ережелері қолданылады.

5. Егер төлеуші Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылса, роялти осы Уағдаласушы Мемлекетте пайда болады деп есептеледі. Алайда, егер роялтиді төлеуші тұлғаның Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатынына немесе табылмайтынына қарамастан, оның Уағдаласушы Мемлекетте өздеріне байланысты роялтиді төлеу жөніндегі міндеттеме пайда болған тұрақты мекемесі немесе тұрақты базасы болса және осындай роялти жөніндегі шығыстарды осындай тұрақты мекеме немесе тұрақты база көтеретін болса, онда осындай роялти мұндай тұрақты мекеме немесе тұрақты база орналасқан Уағдаласушы Мемлекетте пайда болады деп есептеледі.

6. Егер төлеуші мен роялтидің нақты иесі арасында немесе олардың екеуі мен қандай да бір басқа тұлғаның арасындағы арнайы қатынастардың салдарынан пайдалануға, құқыққа немесе ақпаратқа қатысты әрі олардың негізінде төленетін роялтидің сомасы төлеуші мен роялтидің нақты иесі арасында мұндай қатынастар

болмаған кезде келісуге болатындай сомадан асып кетсе, онда осы Баптың ережелері соңғы айтылған сомаға ғана қолданылады. Мұндай жағдайда төлемнің басы артық бөлігіне осы Келісімнің басқа ережелерін ескере отырып, әрбір Уағдаласушы Мемлекеттің заңнамасына сәйкес салық салынуға тиіс.

13-бап

ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕРГЕ ТӨЛЕНЕТІН СЫЙАҚЫЛАР

1. Уағдаласушы Мемлекеттердің бірінде екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын сыйақының нақты иесі алған және осы екінші Уағдаласушы Мемлекетте техникалық қызметтерге төленетін сыйақыларға қатысты салық салынуға жататын техникалық қызметтерге төленетін сыйақыларға бірінші аталған Уағдаласушы Мемлекетте техникалық қызметтерге төленетін сыйақылардың жалпы сомасының 15 пайызынан аспайтын мөлшерleme бойынша салық салынуы м ү м к і н .

2. «Техникалық қызметтерге төленетін сыйақылар» термині осы Бапта қолданылған кезде төлем жүргізетін тұлғаның жалдамалы қызметкерінен өзге кез келген тұлғаға техникалық, басқарушылық немесе консультациялық сипаттағы кез келген қызметтерге төленетін сыйақылар ретіндегі төлемдердің кез келген түрін білдіреді.

3. Егер техникалық қызметтерге төленетін сыйақылардың нақты иесі Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті бола тұрып, техникалық қызметтерге төленетін сыйақылар пайда болатын екінші Уағдаласушы Мемлекетте кәсіпкерлік қызметті осы екінші Уағдаласушы Мемлекетте орналасқан тұрақты мекеме арқылы жүзеге асырса немесе осы екінші Уағдаласушы Мемлекетте тәуелсіз жеке қызметтерді көрсетсе және техникалық қызметтерге төленетін сыйақылар шын мәнінде осындай тұрақты мекемеге немесе тұрақты базаға байланысты болса, осы Баптың 1-тармағының ережелері қолданылмайды. Мұндай жағдайда, мән-жайларға қарай, осы Келісімнің 7 немесе 15-баптарының ережелері қолданылады.

4. Егер төлеуші Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылса, техникалық қызметтерге төленетін сыйақылар осы Уағдаласушы Мемлекетте пайда болады деп есептеледі. Алайда, егер техникалық қызметтерге төленетін сыйақыларды төлейтін тұлға Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатынына немесе табылмайтынына қарамастан, оның Уағдаласушы Мемлекетте техникалық қызметтерге төленетін сыйақыларды төлеу міндеттемесі пайда болған тұрақты мекемесі болса және осындай техникалық қызметтерге төленетін сыйақылар бойынша шығыстарды осындай тұрақты мекеме көтеретін болса, онда осындай техникалық қызметтерге төленетін сыйақылар тұрақты мекеме орналасқан Уағдаласушы Мемлекетте пайда болады деп е с е п т е л е д і .

5. Егер төлеуші мен сыйақының нақты иесі арасында немесе олардың екеуі мен

қандай да бір басқа тұлғаның арасында ерекше қатынастар болуы салдарынан техникалық қызмет көрсетулерге төленген сыйақылардың сомасы мұндай қатынастар болмаған кезде төлеуші мен оның иесі келісуге болатындай сомадан қандай да бір себептер бойынша асып кетсе, онда осы Баптың ережелері соңғы айтылған сомаға ғана қолданылады. Мұндай жағдайда, төлемнің басы артық бөлігіне осы Келісімнің басқа ережелерін тиісті түрде ескере отырып, әрбір Уағдаласушы Мемлекеттің заңнамасына сәйкес салық салынуға тиіс.

14-бап

МҮЛКТІ ИЕЛІКТЕН ШЫҒАРУДАН АЛЫНАТЫН ТАБЫС

1. Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті екінші Уағдаласушы Мемлекетте орналасқан, 6-баптың 2-тармағында айқындалған жылжымайтын мүлікті иеліктен шығарудан алатын табыстарға осы екінші Уағдаласушы Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті активтері тікелей немесе жанама түрде толық немесе негізінен екінші Уағдаласушы Мемлекеттегі жылжымайтын мүліктен тұратын компаниядағы акцияларды немесе қатысу үлестерін иеліктен шығарудан алған табыстарға осы екінші Уағдаласушы Мемлекетте салық салынуы мүмкін. Осы тармақтың мақсаттары үшін жылжымайтын мүлікті иеленуге қатысты «негізінен» деген сөз мұндай жылжымайтын мүліктің құны иеленуші компанияның барлық активтерінің жиынтық құнының 30 %-ынан асатынын білдіреді.

3. Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын компанияның капиталында кемінде 25 пайызды құрайтын, 2-тармақта айтылғаннан өзге, қатысуды білдіретін акцияларды иеліктен шығарудан алынатын табысқа осы Уағдаласушы Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

4. Уағдаласушы Мемлекет кәсіпорнының екінші Уағдаласушы Мемлекеттегі тұрақты мекемесінің кәсіпкерлік мүлкінің бір бөлігін құрайтын жылжымалы мүлікті иеліктен шығарудан алынатын немесе тәуелсіз жеке қызметтер көрсету мақсаттары үшін екінші Уағдаласушы Мемлекеттегі Уағдаласушы Мемлекет резидентінің иелігіндегі тұрақты базаға қатысты жылжымалы мүліктен алынатын табыстарына, мұндай тұрақты мекемені (жеке немесе бүкіл кәсіпорнымен қоса) немесе мұндай тұрақты базаны иеліктен шығарудан алынатын мұндай табыстарды қоса алғанда, осы екінші Уағдаласушы Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

5. Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті халықаралық тасымалда пайдаланылатын теңіз немесе әуе кемелерін немесе мұндай теңіз немесе әуе кемелерін пайдалануға байланысты жылжымалы мүлікті иеліктен шығарудан алған табыстарға осы Уағдаласушы Мемлекетте ғана салық салынады.

6. Алдыңғы тармақтарда айтылғаннан өзге кез келген мүлікті иеліктен шығарудан

алынатын табыстарға мүлікті иеліктен шығарушы тұлға резиденті болып табылатын Уағдаласушы Мемлекетте ғана салық салынады.

15-бап

ТӘУЕЛСІЗ ЖЕКЕ ҚЫЗМЕТТЕР

1. Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті кәсіптік көрсетілетін қызметтерге немесе тәуелсіз сипаттағы басқа да қызметтерге қатысты алған табысқа, мұндай табысқа екінші Уағдаласушы Мемлекетте салық салынуы мүмкін мынадай мән-жайларды қ о с п а ғ а н д а :

а) егер ол осы қызметті жүзеге асыру мақсатында екінші Уағдаласушы Мемлекетте ұдайы негізде өз қарауындағы тұрақты базаға ие болса; бұл жағдайда, табыстың тек тұрақты базаға жататын бөлігіне ғана осы екінші Уағдаласушы Мемлекетте салық с а л ы н у ы м ү м к і н ; н е м е с е

б) егер ол тиісті салық жылында басталатын немесе аяқталатын кез келген он екі айлық кезеңде жалпы жиынтығы 183 күнді құрайтын немесе одан асатын кезең немесе кезеңдер ішінде екінші Уағдаласушы Мемлекетте болса, осы Уағдаласушы Мемлекетте ғана салық салынуы мүмкін; бұл жағдайда оның табысының осы екінші Уағдаласушы Мемлекеттегі қызметінің нәтижесінде алған бөлігіне ғана осы Уағдаласушы Мемлекетте с а л ы қ с а л ы н у ы м ү м к і н .

Мұндай жағдайда көрсетілетін қызметтерге байланысты табысқа кәсіпкерлік пайданың сомасын айқындау және кәсіпкерлік пайданы тұрақты мекемеге жатқызу үшін осы екінші Уағдаласушы Мемлекетте осы Келісімнің 7-бабында қамтылған қағидаттарға ұқсас қағидаттарға сәйкес салық салынуы мүмкін.

2. «Кәсіптік көрсетілетін қызметтер» термині, атап айтқанда, тәуелсіз ғылыми, әдеби, әртістік, білім беру немесе оқытушылық қызметті, сондай-ақ дәрігерлердің, стоматологтардың, заңгерлердің, инженерлердің, сәулетшілердің және бухгалтерлердің тәуелсіз қызметін қамтиды.

16-бап

ТӘУЕЛДІ ЖЕКЕ ҚЫЗМЕТТЕР

1. Осы Келісімнің 17, 19 және 20-баптарының ережелері ескеріле отырып, Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті жалдамалы жұмысқа байланысты алған қызметақыға, жалақыға және басқа да осындай сыйақыларға, егер тек жалдамалы жұмыс екінші Уағдаласушы Мемлекетте орындалмаса, осы Уағдаласушы Мемлекетте ғана салық салынады. Егер жалдамалы жұмыс осылайша орындалса, осыған байланысты алынған осындай сыйақыға осы екінші Уағдаласушы Мемлекетте салық с а л ы н у ы м ү м к і н .

2. 1-тармақтың ережелеріне қарамастан, Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті

екінші Уағдаласушы Мемлекетте орындалатын жалдамалы жұмысқа байланысты алған сыйақыға, егер:

- а) алушы тиісті салық жылында басталатын немесе аяқталатын кез келген он екі айлық кезеңде жалпы жиынтығы 183 күннен аспайтын кезең немесе кезеңдер ішінде екінші Уағдаласушы Мемлекетте болса, және;
- б) сыйақыны екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылмайтын жалдаушы төлесе немесе ол жалдаушының атынан төленсе; және
- с) сыйақыны жалдаушының екінші Уағдаласушы Мемлекеттегі тұрақты мекемесі немесе тұрақты базасы төлемесе, бірінші аталған Уағдаласушы Мемлекетте ғана салық салынады.

3. Осы Баптың алдыңғы ережелеріне қарамастан, халықаралық тасымалда пайдаланылатын теңіз немесе әуе кемесінің бортында орындалатын жалдамалы жұмысқа қатысты алынған сыйақыға теңіз немесе әуе кемесін пайдаланатын кәсіпорын резиденті болып табылатын Уағдаласушы Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

17-бап

ДИРЕКТОРЛАРДЫҢ ГОНОРАРЛАРЫ

Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын компанияның директорлар кеңесінің немесе соған ұқсас органының мүшесі ретінде алған директорлардың гонорарларына және басқа да осыған ұқсас төлемдерге осы екінші Уағдаласушы Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

18-бап

ӘРТИСТЕР МЕН СПОРТШЫЛАР

1. Осы Келісімнің 15 және 16-баптарының ережелеріне қарамастан, Уағдаласушы Мемлекет резидентінің театр, кино, радио немесе телевидение әртісі немесе музыкант сияқты өнер қызметкері ретінде немесе спортшы ретінде екінші Уағдаласушы Мемлекетте жүзеге асыратын өзінің жеке қызметінен алатын табысына осы екінші Уағдаласушы Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. Егер өнер қызметкерінің немесе спортшының осындай сипатта жүзеге асыратын жеке қызметінен алынатын табысы өнер қызметкерінің немесе спортшының өзіне емес, басқа тұлғаның есебіне жазылатын болса, бұл табысқа осы Келісімнің 7, 15 және 16-баптарының ережелеріне қарамастан, өнер қызметкерінің немесе спортшының қызметі жүзеге асырылатын Уағдаласушы Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

19-бап

ЗЕЙНЕТАҚЫЛАР МЕН АННУИТЕТТЕР

1. 20-баптың 2-тармағының ережелеріне сәйкес Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне бұрын жүзеге асырылған жұмысы үшін төленетін зейнетақылар мен басқа да осыған ұқсас сыйақыға және осындай резидентке төленетін кез келген аннуитеттерге осы Уағдаласушы Мемлекетте ғана салық салынады.

2. «Аннуитеттер» термині ақшалай немесе құндық мәнде барабар және толық өтеу орнына төлем жүргізу міндеттемесіне сәйкес өмір бойы немесе белгілі бір уақыт кезеңінде белгіленген мерзімдерде кезең-кезеңмен төленіп тұратын тіркелген сомаларды білдіреді.

20-бап

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ

1. а) Уағдаласушы Мемлекет немесе оның жергілікті билік органы жеке тұлғаға осы Уағдаласушы Мемлекет немесе оның жергілікті билік органы үшін жүзеге асырған қызметі үшін төлейтін қызметақыға жалақыға және зейнетақыдан өзге басқа да осыған ұқсас сыйақыға осы Уағдаласушы Мемлекетте ғана салық салынады.

б) Алайда, егер қызмет екінші Уағдаласушы Мемлекетте жүзеге асырылса және осы Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын жеке тұлға:

(i) осы Мемлекеттің азаматы болып табылса; немесе

(ii) қызметті жүзеге асыру мақсатында ғана осы Мемлекеттің резиденттігінен шыққан болса, мұндай қызметақыға, жалақыға және басқа да осыған ұқсас сыйақыға екінші Уағдаласушы Мемлекетте ғана салық салынады.

2. а) Жеке тұлғаға осы Уағдаласушы Мемлекет немесе оның жергілікті билік органы үшін жүзеге асырған қызметі үшін Уағдаласушы Мемлекет немесе оның жергілікті билік органы құрылған қорлардан төлейтін кез келген зейнетақыға осы Уағдаласушы Мемлекетте ғана салық салынады.

б) Алайда мұндай зейнетақыға, егер жеке тұлға екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті және азаматы болып табылса, екінші Уағдаласушы Мемлекетте ғана салық салынады.

3. Осы Келісімнің 16, 17, 18 және 19-баптарының ережелері Уағдаласушы Мемлекет немесе оның жергілікті билік органы жүзеге асыратын кәсіпкерлік қызметке байланысты қызметке қатысты қызметақыға, жалақыға және басқа да осыған ұқсас сыйақылар мен зейнетақыларға қолданылады.

21-бап

СТУДЕНТТЕР МЕН ТАҒЫЛЫМДАМАН ӨТУШІЛЕР

1. Бір Уағдаласушы Мемлекетке тікелей келер алдында екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын немесе болып табылған және бірінші аталған Уағдаласушы Мемлекетте тек қана білім алу, тағылымдамадан өту мақсатында

болатын студент немесе тағылымдамадан өтуші өзінің тұру, білім алу, тағылымдамадан ету мақсаттары үшін алатын төлемдерге, осы төлем көздері осы Уағдаласушы Мемлекеттен тысқары жерде жүргізілген жағдайда, осы Уағдаласушы Мемлекетте салық салынбайды.

2. Осы Келісімнің 15 және 16-баптарының ережелеріне қарамастан, Уағдаласушы Мемлекетте студент және тағылымдамадан өтуші көрсеткен қызметтерге төленетін сыйақыға, осы қызметтер оның оқуымен және тағылымдамасымен байланысты болған жағдайда, осы Уағдаласушы Мемлекетте салық салынбайды.

22-бап

ОҚЫТУШЫЛАР, ПРОФЕССОРЛАР МЕН ЗЕРТТЕУШІЛЕР

Бір Уағдаласушы Мемлекетке тікелей келер алдында екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын немесе болып табылған және бірінші аталған Уағдаласушы Мемлекетте негізінен оқыту, дәріс оқу немесе бірінші аталған Уағдаласушы Мемлекеттің Үкіметі аккредиттеген осы Уағдаласушы Мемлекеттің білім беру ұйымдарында немесе ғылыми-зерттеу институттарында ғылыми зерттеулер жүргізу мақсатында болатын жеке тұлға бірінші аталған Уағдаласушы Мемлекетке бірінші келген күннен бастап екі жыл бойы бірінші аталған Уағдаласушы Мемлекетте оқытқаны, дәріс оқығаны немесе ғылыми зерттеулер жүргізгені үшін сыйақыға қатысты салық салудан босатылады.

23-бап

БАСҚА ДА ТАБЫСТАР

1. Уағдаласушы Мемлекет резидентінің осы Келісімнің алдыңғы Баптарында айтылмаған табыс түрлеріне олардың пайда болу көзіне қарамастан, осы Уағдаласушы Мемлекетте ғана салық салынады.

2. Осы Келісімнің 6-бабы 2-тармағында айқындалған жылжымайтын мүліктен алынатын табыстан өзге табысқа, егер мұндай табысты алушы бір Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті бола тұрып, екінші Уағдаласушы Мемлекетте кәсіпкерлік қызметті сонда орналасқан тұрақты мекеме арқылы жүзеге асырса немесе осы екінші Уағдаласушы Мемлекетте тәуелсіз жеке қызметтерді сонда тұрған тұрақты база арқылы көрсетсе және өзіне байланысты табыс төлеу жүргізілген құқық немесе мүлік шын мәнінде осындай тұрақты мекемемен немесе тұрақты базамен байланысты болса, 1-тармақтың ережелері қолданылмайды. Мұндай жағдайда, мән-жайларға қарай, осы Келісімнің 7 немесе 15-баптарының ережелері қолданылады.

3. 1 және 2-тармақтардың ережелеріне қарамастан, Уағдаласушы Мемлекет

резидентінің осы Келісімнің алдыңғы Баптарында көзделмеген және екінші Уағдаласушы Мемлекетте пайда болған табыс түрлеріне осы екінші Уағдаласушы Мемлекетте ғана салық салынады.

24-бап

ҚОСАРЛАНҒАН САЛЫҚ САЛУДЫ ЖОЮ

1. Қазақстан жағдайында қосарланған салық салу мынадай түрде жойылады:

Егер Қазақстанның резиденті осы Келісімнің ережелеріне сәйкес Вьетнамда салық салынуы мүмкін табыс алса, Қазақстан осы резиденттің табысына салынатын салықтан Вьетнамда төленген табыс салығына тең соманы шегеруге мүмкіндік береді.

Жоғарыда келтірілген ережелерге сәйкес шегерілетін салықтың мөлшері Қазақстанда қолданылатын мөлшерлемелер бойынша осындай табысқа есептелуі мүмкін салықтан аспауға тиіс.

Егер Қазақстанның резиденті осы Келісімнің ережелеріне сәйкес Вьетнамда ғана салық салынатын табыс алса, Қазақстан осы табысты салық салу базасына, бірақ Қазақстанда салық салынуға ұшырайтын осындай басқа салыққа салынатын салық мөлшерлемесін белгілеу мақсаты үшін ғана қоса алады.

2. Вьетнамның жағдайында қосарланған салық салу мынадай түрде жойылады:

Егер Вьетнамның резиденті Қазақстанның заңнамасына сәйкес және осы Келісімге сәйкес Қазақстанда салық салынуы мүмкін табыс, пайда немесе капитал құнының өсімін алса, Вьетнам табысқа, пайдаға немесе капитал құнының өсіміне салынатын салықтан Қазақстанда төленген табыс салығына тең соманы шегеруге мүмкіндік береді. Алайда, шегерім сомасы Вьетнамның салық заңнамасы мен қағидаларына сәйкес есептелетін осындай табысқа, пайдаға немесе капитал құнының өсіміне салынатын вьетнамдық салықтың сомасынан аспауға тиіс.

Егер Вьетнамның резиденті осы Келісімнің ережелеріне сәйкес Қазақстанда ғана салық салынатын табыс алса, Вьетнам бұл табысты салық салу базасына, бірақ Вьетнамда салық салынатын осындай басқа табысқа салынатын салық мөлшерлемесін белгілеу мақсаттарында ғана қоса алады.

25-бап

КЕМСІТПЕУ

1. Уағдаласушы Мемлекеттің ұлттық тұлғалары екінші Уағдаласушы Мемлекетте нақ осындай мән-жайларда, атап айтқанда, резиденттікке қатысты осы екінші Уағдаласушы Мемлекеттің ұлттық тұлғалары ұшырайтын немесе ұшырауы мүмкін салық салуға және оған байланысты міндеттемелерге қарағанда өзгеше немесе анағұрлым ауыртпалықты кез келген салық салуға немесе онымен байланысты кез келген міндеттемеге ұшырамайды.

2. Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны екінші Уағдаласушы Мемлекетте ие болып отырған тұрақты мекемеге осы екінші Уағдаласушы Мемлекетте салық салудың қолайлылығы осы екінші Уағдаласушы Мемлекеттің осыған ұқсас қызметті жүзеге асыратын кәсіпорындарына салық салуға қарағанда кем болмауға тиіс. Осы ереже Уағдаласушы Мемлекетті екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резиденттеріне салық салу мақсаттары үшін олардың азаматтық мәртебесі немесе отбасылық жағдайлары негізінде өзінің резиденттеріне беретін кез келген жеке жеңілдіктер, кемітулер мен шегерімдер беруге міндеттейтіндей болып түсіндірілмеуге тиіс.

3. Капиталы екінші Уағдаласушы Мемлекеттің бір немесе бірнеше резидентіне толық немесе ішінара тиесілі немесе олардың тікелей немесе жанама түрде бақылауында болатын Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорындары бірінші аталған Уағдаласушы Мемлекетте бірінші аталған Уағдаласушы Мемлекеттің басқа осындай кәсіпорындары ұшырайтын немесе ұшырауы мүмкін салық салуға және соған байланысты міндеттемелерге қарағанда өзгеше немесе анағұрлым ауыртпалықты болып табылатын кез келген салық салуға немесе онымен байланысты кез келген міндеттемелерге ұшырамауға тиіс.

4. Осы Баптың ережелері осы Келісімнің нысанасы болып табылатын салықтарға ғана қолданылады.

5. Осы Баптың ережелеріне қарамастан, инвестор ұшырайтын салық салуды айқындайтын Вьетнамдағы инвестициялар жөніндегі заңнамаға сәйкес Вьетнам инвесторларға лицензия беруді жалғастырып жатқанда, мұндай салық салуды белгілеу осы Баптың 2 және 3-тармақтарының шартын бұзу ретінде қаралмайды.

26-бап

ӨЗАРА КЕЛІСУ РӘСІМІ

1. Егер Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын тұлға Уағдаласушы Мемлекеттердің бірінің немесе екеуінің де құзыретті органдарының іс-әрекеттері өзіне осы Келісімнің ережелеріне сәйкес келмейтін салық салуға әкеп соғады немесе әкеп соғатын болады деп санаса, ол осы Уағдаласушы Мемлекеттердің ұлттық заңнамасында көзделген қорғау құралдарына қарамастан, өзінің ісін өзі резиденті болып табылатын Уағдаласушы Мемлекеттің құзыретті органының қарауына бере алады. Өтініш осы Келісімнің ережелеріне сәйкес келмейтін салық салуға әкеп соқтыратын іс-әрекеттер туралы алғашқы хабарлама берілген күннен бастап үш жыл ішінде берілуге тиіс.

2. Құзыретті орган, егер ол мұндай өтінішті негізді деп есептесе және егер өзі қанағаттанарлық шешімге келе алмаса, осы Келісімге сәйкес келмейтін салық салуды болдырмау мақсатында істі екінші Уағдаласушы Мемлекеттің құзыретті органымен өзара келісім бойынша шешуге ұмтылатын болады. Кез келген қол жеткізілген келісу

Уағдаласушы Мемлекеттердің ұлттық заңнамасында көзделген кез келген уақыт шектеулеріне қарамастан орындалады.

3. Уағдаласушы Мемлекеттердің құзыретті органдары Келісімді түсіндіру немесе қолдану кезінде туындайтын кез келген қиындықтарды немесе күмәнді өзара келісу бойынша шешу үшін барлық мүмкіндікті қолданады. Олар сондай-ақ Келісімде көзделмеген жағдайларда да қосарланған салық салуды жою мақсатында бір-бірімен консультация жүргізе алады.

4. Уағдаласушы Мемлекеттердің құзыретті органдары алдыңғы тармақтарды түсінуде келісімге қол жеткізу мақсатында бір-бірімен тікелей байланысқа түсе алады. Құзыретті органдар осы Бапта көзделген өзара келісу рәсімдерін жүзеге асыру үшін тиісті екіжақты рәсімдерді, шарттарды, әдістер мен тәсілдерді консультациялар арқылы дамытады. Оған қоса, құзыретті орган жоғарыда аталған екіжақты іс-қимылдарды және өзара келісу рәсімін жүзеге асыруды жеңілдету үшін тиісті біржақты рәсімдерді, шарттарды, әдістер мен тәсілдерді әзірлей алады. Егер келісімге қол жеткізу үшін ауызша пікір алмасуды ұйымдастыру орынды болса, мұндай пікір алмасу құзыретті органдардың өзара келісуі бойынша Уағдаласушы Мемлекеттердің құзыретті органдарының өкілдерінен тұратын арнайы Комиссия отырысы шеңберінде жүргізілуі мүмкін.

27-бап

АҚПАРАТ АЛМАСУ

1. Уағдаласушы Мемлекеттердің құзыретті органдары осы Келісімнің ережелерін немесе Уағдаласушы Мемлекеттердің ұлттық заңнамаларының осы Келісім қолданылатын салықтарға қатысты ережелерін осы ұлттық заңнама бойынша салық салу осы Келісімге қайшы келмейтіндей дәрежеде орындау үшін, атап айтқанда, алдауды және осындай салықтардан жалтаруды болдырмау үшін қажетті ақпарат алмасады. Ақпарат алмасу осы Келісімнің 1-бабымен шектелмейді. Уағдаласушы Мемлекет алған кез келген ақпарат осы Уағдаласушы Мемлекеттің ұлттық заңнамасы шеңберінде алынған ақпарат сияқты құпия болып саналады және Келісім қолданылатын салықтарға қатысты бағалаумен немесе жинаумен, мәжбүрлеп өндіріп алумен немесе сот қудалауымен немесе салықтарға қатысты апелляцияларды қараумен айналысатын тұлғаларға немесе органдарға (соттар мен әкімшілік органдарды қоса алғанда) ғана хабарланады. Осындай тұлғалар немесе органдар ақпаратты осы мақсаттар үшін ғана пайдаланады. Олар осы ақпаратты ашық сот отырысы барысында немесе сот шешімдерін қабылдау кезінде аша алады. Құзыретті органдар салық салуды болдырмауға қатысты осындай ақпарат алмасу жүргізілетін мәселелерге қатысты тиісті шарттарды, әдістер мен тәсілдерді консультациялар арқылы дамытады.

2. Ешбір жағдайда да 1-тармақтың ережелері Уағдаласушы Мемлекетке:

а) осы немесе екінші Уағдаласушы Мемлекеттің заңнамасы мен әкімшілік практикасына қайшы келетін әкімшілік шараларды қолдану;

б) осы немесе екінші Уағдаласушы Мемлекеттің заңнамасы бойынша немесе әдеттегі әкімшілік практикасы барысында алуға болмайтын ақпарат беру;

с) қандай да бір сауда, кәсіпкерлік, өнеркәсіптік, коммерциялық немесе кәсіптік құпияны немесе сауда процесін ашуы мүмкін ақпарат немесе ашылуы мемлекеттік саясатқа (қоғамдық тәртіпке) қайшы келуі мүмкін ақпарат беру міндеттемесін жүктейтіндей мағынада түсіндірілмеуге тиіс.

3. Егер ақпаратқа Уағдаласушы Мемлекет осы Бапқа сәйкес сұрау салса, екінші Уағдаласушы Мемлекет тіпті егер мұндай ақпарат осы екінші Уағдаласушы Мемлекетке өзінің салықтық мақсаттары үшін қажет болмаса да, сұратылған ақпаратты алу үшін өзінің ақпарат жинау жөніндегі шараларын пайдалануға тиіс. Алдыңғы сөйлемде қамтылған міндеттемеге 2-тармақпен шектеу салынады, бірақ ешбір жағдайда да осындай шектеулер Уағдаласушы Мемлекетке осындай ақпаратқа ішкі мүддесінің болмау себебінен ғана, ақпаратты беруден бас тартуға рұқсат беру ретінде түсіндірілмеуге тиіс.

4. Ешбір жағдайда 3-тармақтың ережелері Уағдаласушы Мемлекеттің ақпарат беруден оның иесі банк, басқа қаржы мекемесі, номиналдық ұстаушы немесе агент немесе сенімді өкіл ретіндегі тұлға болуы себебінен немесе ақпараттың меншік құқығы берілген тұлғаға қатысты болуы себебінен ғана бас тартуына рұқсат беру ретінде түсіндірілмеуге тиіс.

28-бап

ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ӨКІЛДІКТЕР МЕН КОНСУЛДЫҚ МЕКЕМЕЛЕРДІҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ

Осы Келісімде ештеңе де дипломатиялық өкілдіктер мен консулдық мекемелер қызметкерлеріне халықаралық құқықтың жалпы нормаларына немесе халықаралық шарттардың ережелеріне сәйкес берілген салықтық артықшылықтарын қозғамайды.

29-бап

КҮШІНЕ ЕНУІ

Уағдаласушы Мемлекеттер заңнама бойынша осы Келісімнің күшіне енуі үшін қажетті рәсімдердің аяқталғаны туралы бірін-бірі дипломатиялық арналар арқылы жазбаша хабардар етеді. Осы Келісім Уағдаласушы Мемлекеттердің осы Келісімнің күшіне енуі үшін соңғы жазбаша хабарлама алынған күннен бастап отызыншы күні күшіне енеді.

Осы Келісімнің ережелері:

а) Қ а з а қ с т а н д а :

(i) осы Келісім күшіне енетін жылдан кейінгі күнтізбелік жылдың бірінші қаңтарынан бастап немесе одан кейін төленетін немесе есепке жатқызылатын сомалардан төлем көзінен ұсталатын салықтарға; және

(ii) осы Келісім күшіне енетін жылдан кейінгі күнтізбелік жылдың бірінші қаңтарынан бастап немесе одан кейін басталатын салық кезеңдері үшін басқа салықтарға ;

б) В ь е т н а м д а :

(i) осы Келісім күшіне енетін жылдан кейінгі күнтізбелік жылдың бірінші қаңтарынан бастап немесе одан кейін төленетін немесе есепке жатқызылатын салық салынатын сомадан төлем көзінен ұсталатын салықтарға қатысты; және

(ii) осы Келісім күшіне енетін жылдан кейінгі күнтізбелік жылдың бірінші қаңтарынан бастап немесе одан кейін туындайтын табыстарға, пайдаға немесе құн өсіміне салынатын басқа салықтарға қатысты қолданылады.

30-бап

ҚОЛДАНЫЛУЫН ТОҚТАТУ

Кез келген Уағдаласушы Мемлекет осы Келісім күшіне енген күннен бастап бес жылдық кезең өткеннен кейінгі күнтізбелік кез келген жыл аяқталардан ең болмаса алты ай бұрын дипломатиялық арналар арқылы Келісімнің қолданылуын тоқтату туралы хабарлама жібере отырып, осы Келісімнің қолданылуын тоқтата алады. Мұндай жағдайда осы Келісім :

а) Қ а з а қ с т а н д а :

(i) қолданылуын тоқтату туралы хабарлама жіберілген жылдан кейінгі күнтізбелік жылдың бірінші қаңтарынан бастап немесе одан кейін төленетін немесе есепке жатқызылатын сомалардан төлем кезінен ұсталатын салықтарға қатысты; және

(ii) қолданылуын тоқтату туралы хабарлама жіберілген жылдан кейінгі күнтізбелік жылдың бірінші қаңтарынан бастап немесе одан кейін басталатын салық салынатын кезеңдер үшін басқа салықтарға қатысты;

б) В ь е т н а м д а :

(i) қолданылуын тоқтату туралы хабарлама жіберілген жылдан кейінгі күнтізбелік жылдың бірінші қаңтарынан бастап немесе одан кейін төленетін немесе есепке жатқызылатын салық салынатын сомалардан төлем көзінен ұсталатын салықтарға қ а т ы с т ы ; ж ә н е

(ii) қолданылуын тоқтату туралы хабарлама жіберілген жылдан кейінгі күнтізбелік жылдың бірінші қаңтарынан бастап немесе одан кейін және кейінгі күнтізбелік жылдары туындайтын табыстарға, пайдаға немесе құн өсіміне салынатын басқа салықтарға қатысты өзінің қолданылуын тоқтатады.

ОСЫНЫ КУӘЛАНДЫРУ ҮШІН осыған тиісті түрде уәкілеттік берілген төменде қол қоюшылар осы Келісімге қол қойды.

20 ____ жылғы « ____ » _____ қаласында әрқайсысы қазақ, вьетнам, орыс және ағылшын тілдерінде екі данада жасалды, барлық мәтіндердің күші бірдей. Түсіндірілуде алшақтықтар туындаған жағдайда ағылшын тіліндегі мәтін айқындаушы болып табылады.

*ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҮКІМЕТІ ҮШІН*

*ВЬЕТНАМ СОЦИАЛИСТІК
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҮКІМЕТІ ҮШІН*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК